

Дженалиев Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК БЕЛГІЛЕРІ

Ұрлаудың барлық нысандарының ішінде алаяқтық өзінің қайталанбас қылмыстық-құқықтық спецификасымен ерекшеленеді, оның мәні, біздің пікірімізше, ең алдымен, оның анықтамасы ұрлықтың жалпы ұғымына және өзіне (тек алаяқтыққа) тән белгілердің шектеулі бірігуін білдіретініне байланысты. Осыған орай Қазақстан Республикасының ҚК 177-бабы 1-бөлігінің диспозициясында бекітілген дефиниция, біздің пікірімізше, алаяқтықтың жалпы қамтитын ұғымы болуы екі талай, себебі онда алаяқтық тәсілдермен бөтен мүлікке және бөтен мүлікке құқыққа ие болумен «ұрлау» санатына механикалық біріктіру жүргізілген. Алаяқтық ұғымын анықтау кезінде алаяқтықтың жалпы және ерекше белгілерінің өзіндік бәсекесінің болуын ескеру қажет. Бұл бәсекелік дауда ерекше белгілерге басымдық беру қажет, өйткені алаяқтық ұрлау нысаны бола тұра, ұрлықтың барлық белгілерін қамтиды және сонымен қатар жалпы ұрлық ұғымына да, оның жекелеген нысандарына да тән емес белгілерді де қамтиды.

Баяндалғанды ескере отырып, алаяқтық — құқыққа қарсы, алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы пайдакүнемдік пиғылмен кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына оны қайтарусыз пайдалану мақсатында бөтен мүлікті иемдену немесе көрсетілген жағдайларда бөтен мүлікке құқықты алу деген қорытынды жасауға болады.

Алаяқтық ұғымына осылайша анықтама беру иерархиялық бірізділікті құруға мүмкіндік береді, оның буындары: ұрлықтың жалпы ұғымы (ҚР ҚК 175-б. ескертудің 1-б.), қылмыстық екі дербес түрін қамтитын алаяқтықтың жалпы ұғымы (ҚР ҚК 177-б. 1-б.):

а) бөтен мүлікті алаяқтықпен ұрлау;

б) бөтен мүлікке құқықты алаяқтық арқылы алу болып табылады.

Ресей ғалымы Б.В. Волженкин осы пікірді ұстанады [1.].

Осы екі қылмыстың жалпы белгілері – объект, қылмыстық, қол сұғушылықтың әдісі, кінә және субъект.

Зат пен объективті жақтың сипаттамасында елеулі айырмашылықтар бар. Объект – бұл бір нәрсеге бағытталған қылмыстық іс әрекет. Қылмыс құрамы элементтерінің бірі ретінде объектінің рөлі оның әлеуметтік-саяси мәнін және қоғамдық қауіпсіздік дәрежесін айқындауда объективтік және субъективтік белгілерінің қол сұғушылық пен құрамның жасалуында көлемі мен мазмұнын бекіту өтер зор.

Біздің ойымызша, алаяқтықтың тікелей объектісі мен затын зерттемес бұрын осы түсініктердің жалпы теоретикалық және құқықтық негіздерін белгілеу қажет.

Бұл үшін өзіндік әдісті әзірлеу керек, ол қаралатын мәселенің өзіндік көзқарасын негіздеуге мүмкіндік береді. Алдымен заңнамалық ережелердің және әртүрлі теоретикалық бағыттағы қылмыс объектісі жалпы түсінігінің мазмұны туралы мәселесі бойынша шығыс бағалау өлшемдерін баяндау керек.

Шартты түрде ол өлшемдерді төрт топқа бөлуге болады. Олар:

- 1) философиялық (гносеологиялық)
- 2) аксиологиялық (құндылықты)
- 3) әлеуметтік (материалдық)
- 4) заңды (формальды)

Осыларды толығырақ қарастырайық [2.].

Қылмыс объектісінің түсінігінде негізгі маңыздысы «объект» термині. Заң ғылымы объектінің дербес санатын әзірлемейді, ал философиядағы мәнін қолданады. Кез келген анықтама көрсетілген құбылыстың барлық жағын ашу үшін жеткіліксіз болады. Қылмыстың объектісін зерттеу үшін маңызы бар, гносеология тұрғысынан объектінің белгілерін көрсетейік:

а) объект – бұл объективтік ақиқаттың бәрі емес, ал тек субъектімен қарым-қатынасқа түскен оның белгілі бір саласы ғана;

б) объект – бұл күрделі, бір текті және бір өлшемді құбылыс;

в) нақты ақиқат объекті болмысының шығу нысаны осы кеңістікте белгілі уақыт кезеңінде объектінің болмысын іске асырудың үстем болатын әдісі ретінде түсіндірілетін жағдайы болып табылады.

Объектінің осы қасиеттерін есепке ала отырып, күмәнсіз жағдайлар мыналар: субъектінің кез-келген қылмыстық әрекеті (жүріс-тұрысы бет алысы) әрқашанда белгілі ішкі фактіге шындық феноміне ықпал етеді. Басқа сөзбен айтқанда қылмыс әрқашанда бір нәрсеге бағыттталып, затталады.

Қылмыс объектісінің заттық (материалдық, заттық) сипатын орнату үшін қылмыстар қол сұғатын сол шындық феномдерінің сапалы сипаттамасын ашу қажет. Аксиология тұрғысынан қылмыстық заңмен қорғалатын объектілер ең жалпы түрде құндылықты (байлықты) көрсетеді.

Е.І. Қайыржанов өзінің бұрынғы еңбектерінде құқықтық құндылық теориясы – бұл өзіндік база және нормативтік мектептің өзегі деп көрсеткен. Әрине бұл өте маңызды сипаттама екені даусыз, бірақ қылмыс объектісінің маңыздылығын түсіндіру үшін осындай сипаттама жеткіліксіз. Өйткені құндылық дегенімз – «бұл тек заттар ғана емес жеке дербес өмір сүретін, ал заттардың сапасы....». Құндылық кез-келген нәрсе болып табылады.

Қылмыстық құқық тек барлық қоғамға маңызды орнықты әлеуметтік құндылықтарды қорғайды [3.].

Заңды аксиологияда құндылықтардың екі түрі ажыратылған: мақсатты құндылықтар және қаражат құндылықтары. Бұл ретте мақсатты құндылықтар қаражат құндылықтардан бірінші болады және оларды оқшаулап тұрады. Құқық (құқықтық нормалар, субъективтік құқықтар және заң міндеттері, құқықты қарым-қатынастар және басқа да заң институттары) аспапты құндылықтар, өйткені оның құндылығы қоғамда жоғары тәртіп құндылықтары болып табылады [4.].

Демек, аксиология көзқарсынан қылмыстық құқықпен қорғалатын орнықты әлеуметтік құндылықтар құқықты, оның ішінде қылмыстық-құқықты

реттейтін мақсаты болу керек. Осыдан қылмыстың объектісінде құндылықтар-мақсат белгілері болу керек деген туындайды.

Қылмыстың негізгі материалдық белгісін сипаттайтын әлеуметтік құбылыс ол қоғамдық қауіп. Ол ең алдымен қылмыстық заңда көзделген яғни күзетілетін объектіге (құндылыққа) елеулі зиян келтіру әрекетін жасау. Сондықтан да қылмыстың объектісінде қылмыстық іс әрекеттің жалпы қол сұғушылықтың қоғамдық қауіпі айдан анық көріну керек.

Заң тұрғысынан қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі айналадағы ақиқаттың кез-келген құбылысы болмайды, ал тек қылмыстық заңмен қорғалатын және оларға қатысты қылмыстық қол сұғушылық жасалатын ғана объектілер болады. Қылмыс объектілерінің көбі Қылмыстық кодексте нормативті түрде көрсетілген. Бірақ қылмыстық-құқықтық қорғалатын объектілерге жатқызылған құндылықтар тек қылмыстық-құқықтық құралдармен қорғалмайды. объектілерге қауіпті қол сұғушылық тудыратындар ғана қаралады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 2015-2017 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес бағдарламасы— Астана, 2014.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл. — Алматы: «Издательство «НОРМА-К» ЖШС, 2018.
3. Назарбаев Н.А. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. 1 марта 2016 года.
4. Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы— Алматы: Жеті Жарғы, 2002. — 56 с. Указ Президента Республики Казахстан «О концепции правовой политики Республики Казахстан» от 20 сентября 2002 года № 949. — Алматы: Жеті жарғы, 2012. — 56 с.